

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі N 833 және 2004 жылғы 29 қазандағы N 1129 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 ақпандағы N 135 Қаулысы

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы N 471 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1514 Жарлығына сәйкес келтіру және мемлекеттік органдардың функцияларын қайталауға жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі N 833 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 25, 260-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану е р е ж е с і н д е :

18-тармақтың бесінші абзацында "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетіне құндылықты жіберген жіберушіге" деген сөздер "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

18-1-тармақта "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі" деген сөздер " уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) *алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.24 N 387 Қаулысымен.*

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі